

К.Қ. Күркебаев¹, Х.А. Ордабекова², С.И. Игиликova^{1*}

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²SDU University, Kaskelen, Kazakhstan

*e-mail: igilikkyzy@mail.ru

ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ «ЖУСАН» ЛЕКСЕМАСЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ БОЛМЫСЫ

Мақалада ата-бабамыз сонау бағзы заманнан бері қолданып келе жатқан қазақ халқының тілдік санасы мен дүниетанымында ерекше сакральды мәнге ие жусан лексемасының лингвомәдени, этномәдени болмыс-бітімі қарастырылады. Кез келген тілдің лингвомәдени концепциясын сол тілді қолданушы ұжымдық сананың дүниетанымынан, этномәдениетінен, тарихи жәдігерліктерінен, рухани болмыс-бітімінен, психологиясынан, ұлттық мәдени кодынан, салт-дәстүрі мен ырым-жоралғысынан бөліп қарау мүмкін емес. Осыған орай қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың заттық-логикалық бейнесі тіл арқылы таңбаланады.

Әрэтностың өмір сүру тарихында өзіндік құндылығы бар мәдениет пен тікелей астасып жататын дүниелер мол. Олар: өсімдіктер мен түр-түс атаулары, аспан денелері мен амал атаулары, жан-жануарлар мен орнитонимдер, сандық жүйе мен өлшем бірліктері, туыстық атулар мен жастық-жыныстық атаулар. Біздің де ата-бабаларымыз табиғаттың төл перзенті ретінде қазақтың сайын даласындағы өсімдіктер әлемін жіті бақылап олардың небір асыл қасиеттерін өзінің ғұмырлық тәжірибесінде кеңінен пайдаланған. Жинақталған мол тәжірибелерінің негізінде өсімдіктердің тіршілігімізге – тірек, өмірімізге – нәр, кисек – киім, ішсек – тамақ, пайдалансақ – құрал, жатсақ – төсек, жазсақ – қағаз екенін «ұлы дала ботаниктері мен академиктері» ретінде терең де жетік білген. Сондықтан да көшпелі өмір сүру салтын берік тұтынған ата-бабаларымыз өсімдіктердің азықтық, шипалық және қоректік жағынан барынша хабардар болған. Сол себепті бұл мақалада дала жұпары саналатын «жусан» фитонимінің лингвомәдени танымдық моделі мен алгоритмдік матрицасы кешенді жүйе ретінде қарастырылады.

«Жусан» лексемасының этимологиялық мәні мен жусан – атамекен, жусан – сағыныш, жусан – бозбала, жусан – балалық шақ, жусан – банк, жусан – дала жұпары, жусан – бағыт-бағдар секілді ассоциациялық қабаты мен символдық мәніне семантикалық талдау жүргізіледі. Тіліміздегі «жусан» фитонимі – ассоциациялық және символдық ерекшеліктерге ие семантикалық парадигма құрайтын лексема екені айқындалады.

Түйін сөздер: ассоциациялық қабат, жусан, лингвомәдениеттану, символдық мағына, лексема.

K.K. Kurkebayev¹, H.A. Ordabekova², S.I. Igilikova^{1*}

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²SDU University, Kaskelen, Kazakhstan

*e-mail: igilikkyzy@mail.ru

The Linguocultural Essence of the Lexeme «Zhusan» in the Kazakh Worldview

The article discusses the linguocultural, ethnocultural identity of the Wormwood lexeme, which has a special sacral significance in the linguistic consciousness and worldview of the Kazakh people, which has been used by our ancestors since ancient times. It is impossible to separate the linguocultural concept of any language from the worldview, ethnoculture, historical relics, spiritual essence, psychology, national cultural code, traditions and rituals of the collective consciousness of the user of this language. In this regard, the material-logical picture of objects and phenomena in the environment is marked by language.

In the history of the existence of each ethnic group, there are many things that are directly connected with a culture that has its own value. These are: names of plants and species, names of celestial bodies and animals, names of animals and oritonyms, numerical systems and units of measurement, kinship names and gender names. Our ancestors, as Native children of nature, closely observed the plant world in the Kazakh steppes and widely used their noble qualities in their lifetime practice. Based on the accumulated extensive experience, the botanists and academics of the Great Steppe knew deeply that plants are our life – support, our life – food, clothing, food, use, bed, paper. Therefore, our ancestors, who

firmly consumed the nomadic way of life, were most aware of the food, healing and nutritional aspects of plants. Therefore, this article considers the lingo-cultural model and algorithmic matrix of the phytonym "Zhusan", which is a steppe Musk, as a complex system.

Semantic analysis of the etymological meaning of the lexeme "Zhusan" and the associative layer and symbolic meaning of Zhusan – Atameken, Zhusan – sagynysh, Zhusan – boybala, Zhusan – childhood, Zhusan – bank, Zhusan – steppe Musk, Zhusan – direction-orientation is carried out. It turns out that the phytonym "Zhusan" in our language is a lexeme that forms a semantic paradigm that has associative and symbolic features.

Keywords: associative layer, Zhusan, linguoculturology, symbolic meaning, lexeme.

К.Қ. Күркебаев¹, Х.А. Ордабекова², С.И. Игиликова^{1*}

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²SDU University, Каскелен, Казахстан

*e-mail: igilikyzy@mail.ru

Лингвокультурная сущность лексемы «жусан» в казахском мировоззрении

В статье рассматривается лингвокультурное и этнокультурное бытие полынной лексемы, имеющие особое сакральное значение в языковом сознании и мировоззрении казахского народа, которое практиковалось нашими предками с незапамятных времен. Невозможно отделить лингвокультурную концепцию любого языка от мировоззрения, этнокультуры, исторических реликвий, духовного бытия, психологии, Национального культурного кода, обычаев и ритуалов коллективного сознания пользователя этого языка. В связи с этим предметно-логическое представление предметов и явлений в окружающей среде обозначается языком.

В истории существования каждого этноса есть много вещей, которые напрямую связаны с культурой, имеющей свою ценность. Это: названия растений и видов, названия небесных тел и Амаль, родственные животные и орнитониимы, система счисления и единицы измерения, родственные имена и возрастно-половые имена. Наши предки, как родные дети природы, внимательно следили за растительным миром казахской степи и широко использовали их благородные качества в своей жизненной практике. На основе накопленного большого опыта «ботаники и академики Великой степи» глубоко осознали, что растения – это основа нашей жизни, питание, еда, питье – еда, использование – инструменты, лежание – кровать, письмо – бумага. Поэтому наши предки, твердо придерживавшиеся кочевого образа жизни, были максимально осведомлены о кормовом, лечебном и питательном отношении растений. По этой причине в данной статье рассматривается как комплексная система лингвокультурная модель и алгоритмическая матрица фитонима «полынь», считающегося степным мускусом.

Проводится семантический анализ этимологического значения лексемы «Жусан» и ассоциативного слоя и символического значения, таких как жусан – атамекен, жусан – сагыныш, жусан – бозбала, жусан – балалық, жусан – банк, Жусан – степной мускус, жусан – маршрут. Определяется, что фитоним «полынь» в нашем языке – это лексема, образующая семантическую парадигму, имеющую ассоциативные и символические особенности.

Ключевые слова: ассоциативный слой, полынь, лингвокультурология, символическое значение, лексема.

Кіріспе

Тіл біліміндегі «ғалымның тілдік бейнесі» тіркесі лингвомәдениеттану саласының негізгі ұғымы. «Ғаламның тілдік бейнесі» дегеніміз – адамның тілдің көмегімен қоршаған ортаны тануы. «Ғаламның тілдік бейнесі» дүниенің тура бейнесі болмайды, себебі тіл мен болмыстың аралығында адамның ой-санасы тұрады. Яғни ғалымның тілдік бейнесі шындық болмыстағы өмірлік тәжірибелердің түйіні мен барлық мойындалған ақиқат шындыққа қатысты болады. Демек ғаламның тілдік бейнесі әлемнің тікелей өзі емес, бейнесі не суреті деп аталуынан-ақ

біраз дүниені ұқтырады. Нақтырақ айтқанда, ғаламның тілдік бейнесіне адам санасында көрініс табатын танымдық сипаттың маңызы зор.



«Ғаламның тілдік бейнесі» – адамзат дүниетанымындағы негізгі категория, адамның ақиқат өмірді қабылдауы, оның тілдік әрі шынайы бейнесі, адамның ғұмырлық іс-әрекеттерінің жиынтық бейнесі. Қоғамдық ғылымдарды зерттеушілердің тұжырымдауынша, тілдік сана халықтың тарихи-мәдени, рухани тәжірибесі мен салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын этномәдени ерекшеліктерін өзінің бойына сіңіреді. Олай болса, белгілі бір ұжымдық сананың немесе тілдік топтың ұлттық болмыс бітімі ерекшелігі тұжырымдалады.

Әлемнің тілдік бейнесінде тұжырымдалған мол тілдік дүниетанымдық ақпараттар мен дерекқорларды ұлт болмысы мен мәдениет сабақтастығы нәтижесінде тіл табиғатынан, тіл болмысынан, тілдік бірліктердің астарынан көруге болады.

Ғаламның тілдік бейнесінде мәдениеттің алатын орны ерекше. Сол себептен, дүниені белгілі бір халықтың мәдени және ұлттық ерекшеліктері арқылы жинаған тәжірибелерінен танымыз. Бізді қоршаған ортаның, әлемнің бейнесі, құбылысы не белгілері адамның ой-санасындағы «ішкі формада» көрінеді. Мұндағы «ішкі форма» В.фон Гумбольдтың «ішкі формасы». Жер бетіндегі халықтарында өздеріне ғана тиесілі ойлау мен қабылдау мүшелері бар деп есептеген (Гумбольд, 1985: 84). «Ғаламның тілдік бейнесі – тілдердің көмегімен бекіп, белгілі бір этностың ішкі және сыртқы әлемі туралы толықтай ақпарат береді» – деп тұжырымдай-

ды Г.А. Брутян (1973: 108). Демек ғаламның тілдік бейнесі санадағы ақпаратты өңдеп, қорытып, бүтін бір сурет етіп шығарады. Сонымен ғаламның тілдік бейнесі адам санасындағы өмір сүру тәжірибесі мен салтына байланысты қалыптасып, нәтижесінде тілдік тұрғыда өзгеріске ұшырап, әрқашан дамуда болатын ақпараттар жүйесі іспетті. Тілде ғаламның бейнесі мен қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар мен заттардың бейнесін әрбір ұлтқа тән ерекше сипатта көруге болады.

Санада ғалам бейнесі біртұтас қайталанып тұрады және ол тілдің көмегімен жүзеге асады. Тіл «адам – әлем» жүйесі негізінде баршаға ортақ «тіл – ойлау» қатынасында ғалам бейнесінің көрінісі, сол себептен тіл және ойлау бірліктері ажырамас бөлшек тәрізді. Осы жүйені ашып қарастыратын болсақ мынандай тізбекті құрылымды көреміз:



1-сызба – Ғаламның тілдік бейнесі

Сызбадағы ғаламның тілдік бейнесі адамзаттың тілі арқылы ойлау, таным, рухани болмыс және мәдени-ұлттық құндылықтардың барлық деңгейін көрсетеді. Демек ғаламның тілдік бейнесінің мынандай ерекшеліктерін көреміз:

- бір этнос тілінің тарихы мен тәжірибесі;
- ұлттық сипатқа тән заттар мен құбылыстардың бейнесі мен қадір-қасиеті;
- этносқа тән өзіндік мәдениет пен өмір сүру тәжірибесі арқылы орныққан ұлттық құндылықтар жүйесі.

Адам тілдің көмегімен бейнеленетін әлемді және сол әлемдегі әлеуметтік-тарихи тәжірибені түсінеді. Бұл жердегі тәжірибе ұлттық және жалпыға ортақ тәжірибені қамтиды. Адамзат ана тілдің көмегімен ғаламның қандай да бір тілдік картасын қалыптастырады. Яғни соның арқасында қоршаған ортаға деген нақты бір көзқарасқа ие болады. Адамзаттың мінезін, әлемге деген көзқарасын, танымын «ғаламның тілдік бейнесі» түрлі қырынан танытады. Сонымен, дүниежүзіндегі барлық тілдер әлемді, оның санада

қабылдануын өзінше бейнелейді. Тіл тек ақпарат алмасушы ғана құрал емес, ол сана-сезімі мен көзқарасы бір бағытта дамып, таным-түйсігі, тарихы тоғысатын мәдениеттің ішкі формасы.

Материалдар мен әдістер

Көркем шығармаларда, БАҚ материалдарында және интернет ресурстарында кездесетін «жусан» лексемасы – зерттеу жұмысының негізгі көзі. Жусан лексемасын басты назарға алып, лингвомәдени бейнесін ашуда ассоциативті талдау және жинақтау әдісі қолданылды. Тек фитоним ғана емес, сондай-ақ танымдық деңгейде өзіндік орны бар жусан лексемасының ассоциациялық қабаты түзілді. Лингвомәдениеттанудың отандық және шетелдік зерттеу еңбектеріндегі теориялық пайымдаулары мен тұжырымдары, әдіс-тәсілдері басшылыққа алынды. Олар түсіндіру, сипаттау, талдау және қорыту, салыстыру, салғастыру әдіс-тәсілдері арқылы зерделеніп, тиісті тұжырымдар жасалды.

Әдебиеттерге шолу

Лингвомәдениеттануда тіл бірліктері тек атауыш қызмет атқаратын таңба ретінде емес, этностың тарихи тәжірибесін, дүниетанымын, құндылықтар жүйесін жинақтаушы мәдени код ретінде қарастырылады. Осы бағыттағы зерттеулер тіл-мәдениет сабақтастығын «ғаламның тілдік бейнесі», «ұлттық мәдени код», «концепт» сияқты ұғымдар арқылы сипаттап, лексеманың семантикасы мен прагматикасын ұлттық таным тұрғысынан талдауға мүмкіндік береді. Мақаладағы «жусан» фитонимін лингвомәдени бірлік ретінде қарастыру да дәл осы теориялық арнаға сүйенеді: жусан атауы тек ботаникалық нысан емес, санада орныққан мәдени-символдық мәндер мен ассоциациялар жүйесін тудыратын тілдік таңба ретінде танылады.

Когнитивтік-лингвомәдени парадигмада «ғаламның тілдік бейнесі» (языковая картина мира) ұғымы тіл арқылы әлемді тану моделін айқындайды: адам қоршаған дүниені тілдік құралдардың көмегімен жіктейді, бағалайды, ұғымдандырады. Бұл бағыттағы еңбектерде (В. фон Гумбольдт, Э. Сепир – Б. Уорф дәстүрі, кейінгі когнитивтік мектеп өкілдері) тіл мен мәдениет өзара шарттас жүйе ретінде сипатталады. Концепт теориясында (Ю.С. Степанов, Н.Д. Арутюнова, З.Д. Попова – И.А. Стернин және т.б.) мәдени мәні жоғары бірліктердің ұлттық-танымдық мазмұны «концепт» деңгейінде түсіндіріледі. Осы тұрғыдан алғанда «жусан» атауы қазақтың кеңістік-мәдени коды, дала өркениетінің символикасы және «атамекен» идеясымен ұштасатын концептуалдық өріс құра алады. Мақалада көрсетілетін «жусан – атамекен», «жусан – сағыныш», «жусан – балалық» тәрізді байланыстар дәл осы концептуалданудың көрінісі.

Этнолингвистика мен лингвомәдениеттануда өсімдік атаулары (фитонимдер) – халықтың табиғатпен қарым-қатынасын, шаруашылық тәжірибесін, емшілік білімін, салт-дәстүрін көрсететін маңызды тілдік қабат. Түркі және қазақ тіл біліміндегі фитонимдерді зерттеу еңбектері (этноботаникалық деректермен ұштасқан сөздіктер, ономазиологиялық еңбектер, фразеологиялық және паремиологиялық материалға сүйенген зерттеулер) өсімдік атауларының семантикасы көбіне **емдік, тұрмыстық, тағамдық, сакралдық** қызметпен сабақтасатынын көрсетеді. Осы тұрғыдан «жусан» сөзінің тек атаулық мәні емес,

оның «дала жұпары», «қасиетті шөп», «табиғатпен біте қайнасқан тіршілік» сияқты ұлттық танымдағы бағалауыш қабаты да маңызды нысан ретінде көрінеді.

Лексеманың мәдени-танымдық мазмұнын ашуда ассоциациялық бағыт ерекше өнімді. Ассоциация – адам санасында бұрынғы тәжірибе мен жаңа ақпараттың байланысын іске қосатын когнитивтік механизм; ол жеке адамның жасына, әлеуметтік тәжірибесіне, географиялық ортаға, біліміне тәуелді түрде әртүрлі қалыптасады. Психоллингвистикада бұл құбылыс ассоциациялық эксперимент арқылы өлшеніп, «ассоциациялық өріс», «ассоциациялық қабат», «сөздің психоллингвистикалық мағынасы» сияқты ұғымдармен сипатталады. Орыс психоллингвистикалық мектебінде ассоциациялық сөздіктер (Ю.Н. Караулов бастаған жобалар; Т.Н. Уфимцева және т.б.) сөздің жиі реакцияларын тіркеп, ұжымдық сананың типтік «реакция–стимул» байланыстарын көрсететін дереккөз ретінде қарастырылады. Мұндай деректер лексеманың **ядролық** (ең тұрақты) және **перифериялық** (контекстік, әлеуметтік өзгермелі) мәндерін ажыратуға көмектеседі. Мақалада «жусан» лексемасының ассоциациялық қабатын (жусан – атамекен; жусан – сағыныш; жусан – бозбала; жусан – балалық; жусан – банк; жусан – дала жұпары; жусан – бағыт-бағдар) жүйелеу де осы әдіснамалық негізбен үйлеседі.

Лингвомәдениеттануда символдық мағына лексеманың денотаттық мағынасынан жоғары тұратын, мәдени коннотацияны жинақтайтын қабат ретінде қарастырылады. Символ табиғи нысанды (өсімдік, жануар, кеңістік) мәдени мәнге «көтеріп», ұлттық дискурста тұрақты ишараға айналдырады. Көркем мәтін, фольклор, паремиология және қоғамдық дискурс символдық мәннің орнығуына негізгі дереккөз болады. «Жусан» атауының қазақ дүниетанымында туған жер, кең дала, сағыныш, рухани беріктік сияқты ұғымдармен байланысуы – осындай мәдени семиозистің нәтижесі. Бұл тұрғыдан мақалада берілетін ассоциациялық қатардың бір бөлігі (мыс., «жусан – атамекен», «жусан – сағыныш», «жусан – балалық») дәстүрлі мәдени символикаға жақын, ал «жусан – банк», «жусан – маршрут / бағыт-бағдар» сияқты қолданыстар қазіргі қоғамдық-әлеуметтік дискурстың жаңа қабаттарын көрсетеді (яғни лексеманың семантикасы заман талабына сай кеңейіп, жаңа номинацияларға қатыса алады).

Нәтижелер мен талқылаулар

Тіл белгілі бір этностың ұлттық-мәдени құндылықтары туралы ақпаратпен хабардар етеді. Мұндай тілдік бірліктер мәдениеттің символдық, метафоралық мағынасын береді. Фольклорлық шығармалар, аңыз әңгімелер, ертегілер мен діни мәтіндер арқылы тілдік бірліктер адамның санасында, танымында қалыптасады.

Тіл мен мәдениеттің сабақтастығын, этностың болмысын, рухани дүниесінен ақпарат беретін маңызды мұра екенін В. фон Гумбольдтың «тіл дегеніміз – халық рухы» (Elsina, 2002: 18) деген концепциясында белгілі бір этностың тұрмысын, өмір сүру салтын, мәдениетін танытатын тіл екенін дәйектеп көрсетеді.

«Тілдің тұла бойында белгілі бір этносқа тән мәдениет пен ұлттық рухты танытатын үлкен күштің бары анық. Ұлттың болмысын, мәдени және танымдық жүйесін лингвомәдениеттанудан байқауға болады. Ол үшін тілдің кумулятивтік қызметіне жүгіну керек» – дейді А. Сейілхан (2001: 6). Осы саланы зерттеумен шұғылданған ғалым былай деп анықтама береді: «Лингвомәдениеттану – халықтың мәдени және тілдік деректері, сөздік қоры арқылы танылуы, ұлттық сипаттағы өзіне тән өрнегі және тіл мен мәдениеттің өзіндік жолы» (Сейілхан 2001: 23).

Отандық лингвомәдениеттану саласының негізін қалаушы ғалым З.Қ. Ахметжанованың мына пікірі еске түседі: «Лингвомәдениеттану – кез келген этностың тілінде көрінетін, өз тіліндегі тілдік бірліктер арқылы өзге ұлтқа сөздік қорын, ұлттық құндылығын насихаттап, тіл байлығын ұлттық сипатта ерекше ұсынып, мәдениеттің көмегімен әлеуметтік, философиялық және эстетикалық әдемілікті беретін ғылым» (Ахметжанова, 2017: 175).

Тілші-ғалым А.Әмірбекова лингвомәдениеттануды жаңа бағыт деп, оның екі зерттеу нысанын ұсынады. Біріншіден, лингвомәдениеттану – ұлттық-мәдени құндылыққа бағытталса, екіншіден, тілдік факторды нысана етеді. Ғаламның қыр-сырын меңгеріп, зерттеп, оның толық болмысын ашу әр халықта түрлі бағыт-бағдарда жүреді. Сонымен лингвомәдениеттану деп рухани және материалдық мәдениет негізіндегі ұлттық сипаттағы өзгешеліктерді және тілдік бірліктердің ауызекі сөйлеу тілінде, фразеологиялық тіркестерде, фольклор, ертегілер мен лиро-эпостық жырларда сақталып, орнығуын зерттейді» (Әмірбекова, 2011: 8). Демек өзіндік атрибуттық мағына беретін дала жұпары «жу-

сан» лексемасын зерттеу лингвомәдениеттану саласының басты нысаны.

Қазақ халқының өмір сүру тәжірибесінде өсімдіктердің мәні зор. Халқымыз көшпелі мал шаруашылығымен етене жақын болғандықтан, тұрмысы, салт-дәстүрі, наным-фитонимдермен тығыз байланысты.

Осы фитоним атауларын этнолингвистикалық тұрғыда Ш. Сейітов «Өсімдікке байланысты тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаты» тақырыбында ұрпаққа мұра болып сақталған өсімдіктерге байланысты тұрақты тіркестердің тілдік болмысын ашып, олардың ұлттық ерекшеліктері мен мазмұнын қарастырады. Сондай-ақ Г. Ұйқыбаева «Өсімдіктердің халықтық атаулары» диссертациясында фитонимдерге ат берудегі негізгі уәж ретінде иісі, дәмі, түсі, көлемі, түрі, өсу аймағын ескеріп, өсімдік атауларын латын және орыс тілінде салыстырып, мысалмен негіздейді.

Иен даланы бағындырып, табиғат заңымен біте қайнасып тіршілік еткен дала ботаниктері өсімдіктердің қыр-сырын біліп, пайдасы мен зиянын ажырата білген. Өйткені даламызда кездесетін өсімдіктердің төрт түлікке пайдасын, улы не қоректі екенін айыра білген және сыртқы сипатына қарай атауда беріп отырған. Тілімізде өсімдіктердің көптігіне қарамастан, олардың біразы мәдениетімізге толықтай еніп, танымдық тұрғыдан біршама көтерілді. Мәселен, жусан, адыраспан, арша, емен және т.б. Аталғандардың ішінен жусанның пайдасы мен халық танымындағы мәні зор.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, әр этностың мәдениеті, тарихи жолы, өмір сүру салты тілі арқылы көрінеді. Мәдени кодтарды, салт-дәстүрді, тыйым мен танымды тіліміздегі тілдік бірліктер арқылы зерделейді. Атадан балаға мұра болып, қасиеті ұмытылмаған «жусан» өсімдігінен халқымыздың болмысын, білімін, ұлттық және тілдік кодтарын көреміз. Халқымыз ерте заманда табиғатпен үндесіп, оның бар байлығын орында қолданып, дәстүрлі халық медицинасының дамуына арқау болған. Дала жұпары, патшасы саналатын «жусан» дала халқының танымында өсімдіктен бөлек, *атамекен, туган жер, сағыныш, балалық шақ* секілді мағыналарды білдіреді. «Жусан» лексемасы лингвистикада кеңінен қолданылып, өзіндік зерттеу нысаны бар лингвомәдениеттану саласы тұрғысынан дәйектеліп, түрлі қырынан танылуға мүмкіндік алады.

Қазақ халқы ерекше қасиетті санып, өзге өсімдік атаулыдан жоғары қойып, тіл білімінде

танымдық дәрежеге көтеріп, дала жұпары ретінде қарайтын өсімдік – жусан.

15 томнан тұратын «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» 4 томында жусан фиониміне былай деп анықтама берілген: Жусан – өсімдік. 1. Дәмі ащы, көкшіл-бозғылт түстес аласа шөп. Мысалы, Олардың қар теуіп, қауғаңдап бетеге, жауылша, жусанды аршып, аузы шөмшендеп жегені де қызық (Ж.Аймауытов). 2. Ол күрделігүлділер тұқымдасы болатын көпжылдық өсімдік. Жер жүзінде жусанның 500-ден асатын түрі бар, оның 83 түрі еліміздің шөлді-шөлейтті және далалы аймағында кездеседі. Оның сабақтарының биіктігі түрлеріне қарай 10-60 см, кейде тіпті 1,5-2 метр шамасында болады. Сабақтары көп жағдайда тік, тек кейбір түрлерінің ғана сабақтары жерге жайылады. Тамыз-қыркүйек аралығында гүлдейді. Сондай-ақ жусаннан дәрілік зат, бояу, витамин мен эфир майы алынады (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011).

Ендігі кезекте «жусан» лексемасынан туындайтын ассоциациялық қабатқа тоқталмас бұрын бұл фитонимнің этимологиясы туралы тоқталсақ.

Б. Қалиев жусан фитонимінің этимологиясын М. Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегімен байланыстырады. Себебін ғалым былай түсіндіреді: «М. Қашқаридің «Түркі тілдерінің сөздігі» еңбегінде 30-дан асатын шипалық өсімдік атаулары жазылған. Мысалы, иір (egir) – «аир», андыз (anduz) – «девясил», жусан (jарсан) – «полынь» (Қалиев, 1988: 283).

Жалпы жусан сөзінің түбірі *жусау-жуса*, яғни «қойдың жусауы» деп қарастырылса, «-н» – көне етістік жасайтын мардымсыз жұрнақ болуы мүмкін деген тағы бір болжам туындайды. «Есім негізді етістіктер есім негізді етістіктерге етістіктерден өзге сөз таптарынан жасалатын етістіктер жатады, олар арнайы жұрнақтар арқылы көбінесе сын есімнен, зат есімнен, үстеулерден, еліктеуіштерден, сондай-ақ одағайлардан жасалады. Соның ішінде тек кейбіреулері ғана санаулы есімдер мен етістіктерден туынды етістік жасайтын көне және мардымсыз жұрнақтар бар. Олар мыналар: *-ан, -ен, -ын, -ін, -н*» (Ысқақов, 1974: 247).

С. Младенов болса жусан атауы өзіндік белгілерге байланысты, яғни бұл өсімдік *ralic* сөзінің ащы, өртейтін дәміне байланысты пайда болған деп есептейді (1941).

Ал орыс тіл білімінде *полынь* деп қоданылады. Орыс тілінің этимологиялық сөздігінде жусан *roliti* «жану» дегенді білдіретін сөзден шыққан. Фитонимнің атауы оған тән ащы дәм

мен иістен туындаған. Өсімдік атауы жалпы славяндық ұқсас *-pel, -pol, -pal* түбірлерінен орыс тіліндегі күйдіру мәнін білдіретін *raliti* етістігі пайда болған. Сондай-ақ ескі славян тілінен *poleti* – жану, күйдіру, өртеу мәнін білдіретін етістік шыққан.

Фитонимнің *пелын* – *палынь* атауы жалпы славян тіліндегі *-pel, -pol, -pal* түбірлері *raliti* – өртеу, жандыру мағынасын білдіретін етістікпен тығыз байланысты. XI ғасырда *пелынъ* – *relunъ*, содан кейін *палын* – *ralunъ* қолданылса, кейін *полынь* – *polunъ* деп қолданылды (Шанский, Боброва, 1994: 245).

Белорус тілінде де жусанды «палын» деп қарастырады. Этимологиялық сөздікте бұл фитонимге күшті иісі бар, дәмі ащы арамшөп деген анықтама берілген. Махэк болса оның шығуын жандыру, өртеу мағынасымен байланыстырған. Ол өсімдіктің жандыру, ащыту, күйдіру секілді қасиеттерін басты назарда ұстаған (Этымалагичны слоўнік беларускай мовы, 1993: 134).

Ал қырғыз тілінде бұл фитонимнің атауы «эрмен, ак шыбак, шыраалжын» деген 3 нұсқада кездеседі. Қырғыз тілінің қысқаша этимологиялық сөздігіне «эрмен» дәмі жағымсыз өсімдік деп қарастырылған. Өсімдік атауы *эр* және *мен* дейтін екі бөліктен тұрады. Ежелгі түркі тілінде *эр* етістігі «жек көру, кек алу» деген мағынаны білдірген (ДТС, 175). Осы етістікке *-ман* тіркесіп, *эрмен* сөзі қалыптасқан. «Дәмі жиіркенішті шөп» дегенді білдіретін сөз пайда болған (Сейдакматов, 1988: 270).

«Ёвшан» деп түркмен тілі сөздігінде қарастырған. Көне мағынасында жусан сөзін хош иісі бар дала өсімдігі деп түсіндірген. Ежелгі орыс тілінде *евшан*, ал башқұрт тілінде *юшан* деген нұсқада көрсетілген. П.М. Мелиоранский моңғолдарға дейінгі түрік тілінен кірген ең көне сөз деп есептейді. Радлов тікенді жусан деп анықтама беріп, атауын «завшан» деп көрсеткен (Шипова, 1976: 130).

Кәдімгі жусанды халық арасында *чернобыльник* деп атаған. Себебі қыста егістікте *аппак* қардың бетінде кепкен қара сабақтары ерекше көрінеді екен. Бірақ *чернобыльник* атауы сабақтарының қаралығына ғана емес, әйелдердің дәрілік негізде жиі қолданылуымен де байланыстырылған. Өйткені Ресей медицинасының қалыптасуына Шығыс медицинасы мен философиясындағы қара түс әйел дегенді білдірген. Осыдан бұл сөзді құрамына қарай бөлшектесек *черн* қара түске ғана емес, фитонимнің қасиетіне де қатысты болады. Сөз соңындағы *был* сөзі

былые деген шөп мағынасын білдіретін сөзден шығуы мүмкін.

Айта кететін бір жайт, орыс ғалымдары жусан фитонимінің этимологиясын ашу барысында негізінен өсімдіктің қасиетіне, белгілеріне және өзіне ғана тән сипатына тоқталғанын аңғарамыз. Жусан фитонимі жанама түрде лаулау, жану мағынасында қарастырғандар да болған. Жалпы «жусан» фитонимін естігенде адам санасында туындайтын ассоциациялық қабаттар бар.

Ассоциация дегеніміз – қоршаған ортаны тану барысында санада қалыптасатын танымдық сигналдар. Ассоциацияның көмегімен бұрынғы мен жаңа қабылданған түсініктердің арасындағы байланысты тануға болады. Қандай да бір этностың өзіне тән бітім-болмысын, өзіндік жеке пікірі мен білімін, әлеуметтің тигізер әсерін және рухани-танымдық байлығын көруге болады. Сонымен ассоциация жаңа бейнелерді қалыптастырады. Ассоциация адам ойының, танымының санада шағылысып, елестеуін тудырады.

Ассоциация түзу үшін адамның жасы, жеке бас ерекшелігі, географиялық ахуалы, мамандығы, білімі, және т.б. белгілері әсер етеді. Сондай-ақ ұжымдық және этностық санада ол тұрақты және сөздердің байланысы әрқашанда қайталанып тұрады.

Ғалым А.А. Леонтьев ассоциация туралы пікірін былай дәйектейді: «Ассоциация – жеке тұлғаның өзіндік тәжірибесі негізінде бір зат пен құбылыстың арасында болатын байланыс» (Леонтьев, 1997: 11). Демек ассоциация – дүниені тану үшін пайдаланылатын психикалық амалдардың көмегімен іске асатын білімнің көзі. Сөз мағынасында ұшырасатын түрлі өзгерістерді, оның ауыспалы мағынада, ұғымдық не концептілік тұрғыдан қарастырылуын семантика мен психолингвистиканың ассоциативтік байланыс заңы тұрғысынан қарастыруға болады.

А.П. Клименка, А.А. Залевская, Г. Гиздатов сияқты ғалымдар ассоциативтік қабатты тілдік және мағыналық тұрғыдан зерттеген. Ю.Н. Караулов болса тілдік тұлғаны нөлдік, орташа, жоғары деп бөле отырып, ассоциативтік қабатты орташа деңгей деп есептейді. Себебі ол белгілі бір этностың ойлау жүйесінің санада көрініс табатын орташа қатысымдық деңгейіне негізделеді. Сараптай келе «ассоциациялық қабат – семантика-грамматикалық қатынастар мен бір этностың (бізде «қазақ» этносы) ғаламдық бейнесінің белгілі бір бөлігі. Жеке тұлға санасындағы тілдік жүйенің орналасуы, байланысуы лсы ассоциа-

циялық қабаттың көмегімен анықталады» (Аитова, 2015: 124).

Жоғарыдағы ассоциацияға байланысты анықтамалармен танысып, «жусан» фитонимінің тіл білімінде түзетін ассоциациялық қабатына тоқталайық. Байқағанымыздай ассоциация түзу үшін зерттеу нысаны ойлауда танымдық деңгейге жетіп, санаға өзіндік сигналдар беруі қажет. Тіл білімінде ондай сигналдарды фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерден көреміз. «Жусан» лексемасының ассоциациялық қабаты фразеологизмдер, мақал-мәтелдер мен тілдік бірліктерден айқын көрінеді.

Тілімізде асып-тасып кетпеуді, ілтипатты, сыпайы болуды, сондай-ақ, айыбын түсініп, жөн істің ығына жығыла білген адамның әрекетін дәріптеу мағынасында «бетегеден биік, жусаннан аласа» тұрақты тіркесі қолданылады. Мысалы: *Керек кезінде жұрт көзіне ызы-қиқы, қым-қуыт дүрбелеңдетіп бағатын өзге туыстары емес, төре басымен бетегеден биік, жусаннан аласа боп, тым-тырыс жүретін Әбілқайыр ілікті* (Ә. Кекілбаев).

«Ұлық болсаң кішік бол» деп қандай лауазымда болса да қара жұрттан бөлектенбеуге, менмендікке бой алдырмауға насихат еткен халқымыз әрдайым бетегеден биік жусаннан аласа орташа, қарапайым жолды қадірлеген, қоңырқай тіршілікті қош көрген. Ханы да, қарашасы да, байы да, кедейі де қарапайым, жұртшылықпен емен-жарқын араласқан. Мейманды күтіп, мұқтаждың қажетін өтеуге тырысқан.

Бетегеден биік, жусаннан аласа. 1. Аласа, төмен. Сол тулап жүргендердің өздеріне ақ патшадан елші келсінші, *бетегеден биік, жусаннан аласа* боп, құрдай жорғаласын (Ә. Кекілбаев «Үркер»). 2. Момын, жуас. Көп іс тындырса да менменсіп, көсемсіп кеуде соқпайтын *бетегеден биік, жусаннан аласа* бірқалыпты, мінезі мен қалыпты жүріс-тұрысынан айнымайтын, азаматтар болады (Р. Жәнібекұлы «Тұғырынан таймаған тұлға немесе «Азамат мерей»). 3. Тым сыпайы, кішіпейіл, ілтипатты. Керек кезінде жұрт көзіне ызы-қиқы, қым-қуыт дүрбелеңдетіп бағатын өзге туыстары емес, төре басымен *бетегеден биік, жусаннан аласа* боп, тым-тырыс жүретін Әбілқайыр ілікті (Ә. Кекілбаев «Үркер»).

Қой егіз туса, бір түп жусан артық шығады. Дана халқымыз айтқандай дүниеде әр нәрсенің несібесі бар. Сол себептен де бабаларымыз болар істе ырыс пен қайыр бар есептеген.

Жусан – өсімдік. Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын бұта тәрізді өсімдік. Халқымызға

ата-бабадан таныс, емдік, қоректік қасиеті бар фитоним. Айнала от болатын. Жусан, күйреуік, раң, шоқта, жүзген, сексеуіл, жантақ, ажырық қара от (Ә. Нұршайықов, Алтын.). Жусанның үлпілдегі езіліп, өлген үйректің басындай салбырап қалған (Ш. Мұртазаев «Мылтықсыз майдан»).

Жусан – атамекен. Халқымыз үшін жусан қасиетті өсімдік. Себебі жусан өсімдігінде Отанның, ата жұрттың иісі бар. Жусанның бір уысы кіндік қаның тамған мекенді ұмыттырмайды. «Туған жер айныма осы қалпыңнан, **Жусаның** жұпар мен үшін артық алтыннан» (С. Иманасов, «Туған жер!»)

Сонымен қатар жусан туған жердің символы екеін дәлелдейтін аңыздар жетерлік. Соның бірі Волюнь жылнамасындағы деректер негізіндегі Ғабдолла Құлқыбаевтың «Бір түп жусан» атты аңызына тоқталсақ.

Сонау заманда Қыпшақ даласындағы дәулеті тасып, мерейі асып жатқан бақытты көшпелі жұртты Саржан мен Артық деген екі ағайынды жігіт билеген екен. Бірақ қанша бай, дәулетті болғанмен, пендешілікке салынып қанағатсыз болған-мыс. Сөйтіп көрші жатқан орыс еліне шабуыл жасапты. Сол уақытта орыс жерін Владимир Мономах есімді кінәз басқарған. Қаннен-қаперсіз той тойлап, думандатып жүрген Саржан мен Артықтың әскеріне Мономах әскері түтқиылдан шабуыл жасап, қыпшақ ордасын ортасына түсіреді. Бауырлар екі жаққа айырылып, бас сауғалауға тура келеді. Біраз уақыт өткен соң бауырларда туған жерге қайтатын күш пен мүмкіндік пайда болады. Қартайған Саржан туған жердің иісін, топырағын, табиғатын, тау-тасын сағынып, қайтыс болғанда бір түйір топырақ бұйырмай кете ме деп сары уайымға салынып, Артықтың есіне атамекен туралы ой салып, еліне аттанбаққа шешім қабылдайды. Содан сегіз қырлы, бір сырлы өнерлі жігітті тауып, оған Артыққа деген арнайы сәлемін айтады. Жас жігіт түрлі Саржанның «өзге жерде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген ата өсиетін жеткізіп, түрлі нақыл сөздер мен туған жер туралы әндерін айта бастайды. Оның атамекенге деген сағыныш сезімін оятып, жігерлендіруі сәтсіз болады. Сонда жас жігіт ет жүрегін елжіретіп, сағыныш сезімін оятып, мауқын басар деген ниетпен алған бір түп жусанын қойнынан алып шығады. Сол сәтте ескен самал жел жусанның құпиясын, қадір-қасиетін, күдіретін паш етеді. Жусанды құшырлана иіскеген Артықтың көзінен жас парлап, туған жерге, елге деген сүйіспеншілік пен

сағыныш сезімі маза бермейді. Көз жасы туған жерді көрмей тоқтамас деп жолға шығып, кіндік қаны тамған мекенге жетеді.

Атақ-даңқы асқақтап, билігі тасып тұрған әміршінің жүрегінде, тулаған қанында атамекенге, туған жердің тау-тасы мен ен даласына деген махаббатын жусан фитонимі қайта жақты. Отан-Анаға деген шексіз сүйіспеншілік сезімін қайта оятып, есін жиюына жусан өсімдігі себепкер болды.

Жусан – балалық шақ. Кең далада асыр салып, жусанның жұпарын иіскеп өскен балада нағыз балалық шақтың болғаны. Себебі бала жусанның жұпарын қанып иіскеп, оны әлемнің кереметіне балап, асыр салып ойнауы осыған дәлел. Жусан лексемасының балалық шақтың символы екенін С.Мұратбековтың «Жусан иісі» шығармасынан байқаймыз. Шығармаға ер салсақ, әуелі балалық шақты, кейін сағынышты және ауыл бейнесін көреміз. Осы шығармадан дәлел ретінде үзінді келтірейік: ...Ағамның иісі сіңіп қапты. Бір түрлі *жусанның иісі* сияқты жақсы иіс... Онан бір кезде Аян: – Менен де *жусанның иісі* шығып тұрады, ағама тартқанмын. Міне, иіскеп көріңдерші, – деп өз омырауына түмсығын тықты.

Жусансыз жерді от деме, көжесіз елді тоқ деме. Төрт түлік азық ретінде жейтін шөптің пайдалысын және қасиеттісін қазақ халқы «от» деп атаған. Сондай-ақ ондай өсімдік төрт түліктің ішінде түйе мен қой малына өте пайдалы болған. Жусанның осындай қасиетін ескере отырып, халқымыз «жусансыз жерді от деме, көжесіз елді тоқ деме» деп нақыл сөзбен дәйектеген.

Жусан – құтқару операция. Жусан фитонимі туған жердің, сағыныштың символы іспетті, сондықтан өзге елде бұрыс жолға түсіп, өмір жолынан адасып, қиыншылық көрген еліміздің азаматтарына көмектесіп, Отанға аман-сау жеткізу үшін жасалған құтқару операциясы. Қиыншылықтан құтылып, аңсаған еліне атамекенге оралу үшін жасалған қадам болғандықтан атын «Жусан» деп қойған. Бұл жөнінде мақаладан үзінді келтірсем: «*Жусан*» деп аталатын осындай кезекті операция 5-6 қаңтар күндері өтіп, сәтті аяқталды (А. Асанкелдіұлы «Шам шырғалаңы»).

Жусан – банк. Жоғарыда айтқандай жусан – атамекеннің, туған жердің атрибуты. Сондықтан елінің гүлденуін қалағандықтан банк қызметкерлері «Жусан» деп атауды басты мақсаты санаған. Демек «Jusan Bank» деп халық назарын аударып, тұтынушыға сенімділікті сездіргісі келіп тұр. Сондай-ақ, осылай аталу арқылы

банк халқымызға өзін үйіндегідей жайлы сезінуін мақсат етеді.

Жусан – бағыт-бағдар. Табиғатпен етене жақын өмір сүрген халқымыз аспан денелері мен амал атауларына бөлек жусанның көмегімен жүретін бағыт-бағдарын да ажырата білген. Мысалы, халық даналығы бойынша аспанда жұлдыз көрінбей қалса, дүниенің төрт бұрышын жусан фитонимінің түбіне үйілген топырақ арқылы ата-бабамыз білген екен. Жусан өсімдігінің төменгі бөлігінде үйілген топырақтың көмегі арқылы жолаушы оңтүстік, солтүстік, батыс және шығысты бағытынан жаңылмай тапқан. Жусан фитонимінің көшпелі халық өмірінде компостың қызметін атқарғанын да біуге болады.

Лингвомәдени ұғым ақиқат дүниенің өзгеріске ұшырап, жанарып отыратынын түсініп, адамға ақпарат беретін тілдік, философиялық және мәдени феномен десек болады. Демек «жусан» тек қана өсімдік емес, ол тілдік тұрғыдан болмысы ашылған, ассоциативтік қабаты тілдік бірліктер арқылы бейнеленетін, танымдық деңгейде көрінетін лексема.

Қорытынды

Тіл әр ұлттың тарихын, өзіне тән мәдениетін, ділі мен танымын, мінез-құлқын, салт-дәстүрі мен нанымын, тыйымын өз бойында сақтаған бүтін бір мәдениеттің көрінісі. Сол себептен танымдық тұрғыдан зерттеу өте маңызды. Тіл тек коммуникативтік қызмет емес, ол этностың мәдениетіндегі ақпараттарды сақтаушы, жинаушы және келер ұрпаққа жеткізуші қызметін де атқарады.

Қазақ көркем ойлау жүйесіне тән қазақ танымындағы жусан атауының лингвомәдени коннотациясы, символдануы арқылы қалыптасқан

ассоциативті-вербалды құрылымын қазақ болмысын танытатын лингвомәдени код ретінде тануға болады.

Тіліміздегі «жусан» лексемасы санада ассоциациялық қасиетімен астасып, өзінің негізгі болмысын ашып, атамекен, сағыныш, бозбала, бағыт-бағдар, банк атауы сияқты адам танымында әр түрлі бейнеленіп, ассоциациялық қабат құрайтын лингвомәдени бірлік. «Жусан» лексемасының ұлттық құндылығымыздағы бітім-болмысы мен толық сипатын парамеологиялық және фразеологиялық тілдік бірліктер құрайды.

Дала жұпарына айналған бұл фитоним көшпелі халқымыз үшін қасиетті. Өзге фитонимдермен салыстырғанда, жусанның мағынасы, ауқымы, емдік, қоректік секілді ерекшеліктері басым және лингвомәдени бірлік ретінде қарастыруға болатын лексема екеніне көзіміз жетеді. Мақалада көрсетілгендей жусан лексемасының лингвомәдени бейнесі оның емдік, қоректік қасиетінен өзге тілдік тұрғысынан да байқалады.

Халықтың рухани және материалдық мәдениетінің негізгі көзі – табиғат десек, сол байлықты қастерлеп, тұрмыс-тіршілікте қажетімізге дұрыс пайдаланып, бітім-болмысын толықтай түсініп, қарапайым өмірде тұтына білген жөн. Бұндай мәліметтер тілдік қорда сақталып, атадан балаға мұра ретінде жетіп отырған. Сол себептен фитоним атауларын тілдің кумулятивтік қызметінде қарастыру керек.

Бұл мақалада «тіл мен мәдениет» сабақтастығы негізінде жусан фитонимінің атауы арқылы ұлттың болмысын, таным көкжиегін тануға болады. Лингвомәдениеттану саласын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасап, жусан лексемасы осы ғылымның негізгі зерттеу нысаны болатынына көз жеткіздік.

Әдебиеттер

- Гумбольд, В. Фон. (1985). Язык и философия культуры. Москва. Прогресс.
 Брутян, А. (1973). Язык и картина мира. Философия науки, №1, С.108-110.
 Elsina, S., Wilhel, V. (2002). Humboldt's Philosophy of Language, Its Sources and Influence. Edwin Mellen Press.
 Сейілхан, А. (2002). Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәденитанымдық мәні: филол. ғыл. канд. дис.: 10.02.02. Алматы.
 Ахметжанова, З.К. (2017). Лингвокультурология: теория и практика. Алматы.
 Әмірбекова, А. (2011). Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. Алматы. Елтаным.
 Қазақ әдеби тілінің сөздігі (2011). Он бес томдық. 4-том. Алматы, 2011.
 Қалиев, Б. (1988). Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. Алматы. Ғылым.
 Ысқақов, А. (1974). Қазіргі қазақ тілі. Алматы.
 Младенов, С. (1941). Етимологически и правописень речникъ на българския книжовень езикъ. София. Книгоизд-во Христо Г. Данов – О. О. Д-во.
 Шанский, Н.М., Боброва, Т.А. (1994). Этимологический словарь русского языка. Москва. Прозерпина.
 Этымалагічны слоўнік беларускай мовы (1993). Т. 8. Н-П/Г.А.Цыхун, Рэд.В.У.Мартынаў. Москва. Навука і тэхніка.

- Сейдакматов, К. (1988). Кыргыз тилинин кыскача этимологиялык сөздүгү. Фрунзе. Илим.
- Шипова, Е.Н. (1976). Словарь Тюркизов в Русском Языке. Алма-Ата. «Наука» КазССР.
- Леонтьев, А.А. (1997). Общие сведения об ассоциациях и ассоциативных нормах. Словарь ассоциативных норм русского языка. Москва.
- Аитова, Н. (2015). Ұлттық материалдық мәдениетке қатысты кейбір атаулардың ассоциациялық өрісі «Тілтаным» журналы. №2. Б. 118-124.

References

- Aitova, N. (2015). Ulttyq materialdyq мәдениетке qatıstı keibir ataulardyń assotsiatsiialyq örisi [Associative Field of Some Terms Related to National Material Culture]. Tiltanym, Vol. 2, P. 124.
- Akhmetzhanova, Z.K. (2017). Lingvokul'turologiya: teoriya i praktika [Linguoculturology: Theory and Practice]. Almaty.
- Amirbekova, A. (2011). Qazirgi qazaq til bilimidegi jańa baǵyttar [New Directions in Modern Kazakh Linguistics]. Almaty: Eltanym.
- Brutyan, A. (1973). Iazyk i kartina mira [Language and the Picture of the World]. Filosofskie nauki, Vol. 1, P. 108-110.
- Elsina, S. (2002). Wilhelm von Humboldt's Philosophy of Language, Its Sources and Influence. Edwin Mellen Press.
- Etymalagichny sloŭnik belaruskai movy. (1993). T. 8. N–P [Etymological Dictionary of the Belarusian Language, Vol. 8. N–P]. Minsk. Navuka i tekhnika.
- Humboldt, W. von. (1985). Iazyk i filosofiya kul'tury [Language and the Philosophy of Culture]. Moscow: Progress.
- Leont'ev, A.A. (1997). Obshchie svedeniya ob assotsiatsiyakh i assotsiativnykh normakh [General Information on Associations and Associative Norms]. In: Slovar' assotsiativnykh norm russkogo iazyka [Dictionary of Associative Norms of the Russian Language]. Moscow.
- Mladenov, S. (1941). Etimologicheski i pravopisen rechnik na balgarskiya knizhoven ezik [Etymological and Orthographic Dictionary of the Bulgarian Literary Language]. Sofia. Khristo G. Danov Publishing.
- Qaliev, B. (1988). Qazaq tilindegi ósimdik ataulary [Plant Names in the Kazakh Language]. Almaty. Gylım.
- Qazaq ádebiyat tiliniń sózdigi. (2011). On bes tomdyq. 4-tom [Dictionary of the Kazakh Literary Language. 15-volume edition, Vol. 4]. Almaty.
- Seidakmatov, K. (1988). Kyrgyz tilinin kyskaça etimologiialyk sózdüğü [Short Etymological Dictionary of the Kyrgyz Language]. Frunze. Ilim.
- Seilkhan, A. (2001). Qazaq tilindegi etnografizmlerdiń lingvomädenitanymdyq мәni: filol. ğyl. kand. dis. [The Linguocultural Significance of Ethnographisms in the Kazakh Language: PhD Dissertation]. Almaty.
- Shanskii, N.M., Bobrova, T.A. (1994). Etimologicheskii slovar' russkogo iazyka [Etymological Dictionary of the Russian Language]. Moscow: Proserpina.
- Shipova, E.N. (1976). Slovar' tiurkizmov v russkom iazyke [Dictionary of Turkisms in the Russian Language]. Alma-Ata. Nauka KazSSR.
- Ysraqov, A. (1974). Qazirgi qazaq tili [Modern Kazakh Language]. Almaty.

Авторлар туралы мәлімет:

- Күркебаев Кенжетай – ф.ғ.к., аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: kurkebaevk@gmail.com);
- Ордабекова Хафиза – ф.ғ.к., ассистент-профессор, Сүлейман Демирел университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: hafiza_1975@mail.ru);
- Игиликova Сымбат – PhD докторант, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: igilikkyzy@mail.ru).

Information about the authors:

- Kurkebayev Kenzhetay – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kurkebaevk@gmail.com);
- Ordabekova Khafiza – Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor, Suleyman Demirel University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: hafiza_1975@mail.ru);
- Igilikova Symbat – PhD Student, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: igilikkyzy@mail.ru).

Сведения об авторах:

- Күркебаев Кенжетай – кандидат филологических наук, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: kurkebaevk@gmail.com).
- Ордабекова Хафиза – кандидат филологических наук, ассистент-профессор, Университет имени Сулеймана Демиреля (Алматы, Казахстан, e-mail: hafiza_1975@mail.ru).
- Игиликova Сымбат – PhD докторант, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: igilikkyzy@mail.ru).

Келін түсті: 18 сәуір 2025 жыл
Қабылданды: 19 желтоқсан 2025 жыл